



SEMEYtanu



№ 96 (19723) 23 қыркүйек, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

БАРМАСАҢ, КЕЛМЕСЕҢ...

СЫР БОЙЫ СЕМЕЙ ТӨРІНДЕ

«Бармасаң, келмесең, жат боласың» деген халық даналығының маңызы зор. Қазіргі күнде Абай облысына ерекше ын-тамен, шынайы ықыласымен келетіндердің қатары арта түскені семейліктерді де, өңір халқын да шексіз қуантады. Бұл, әрине, ең алдымен облыс басшысының жан-жақпен тығыз байланысының, өзара ынтымағының жемісі. Соның тағы бір айқын көрінісін Қызылорда облысынан арнайы делегацияның Семей қаласына келуінен көруге болады. Делегация құрамында Сенат және Парламент депутаттары, кәсіпорын басшылары, ардагерлер, өнер ұжымдары бар.



Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«Semeitanu»

Қызылорда облысының өнер күндері аясында Сыр елінен келген меймандар әуелі Семейдегі «Абай ұлдарымен» ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Абайдың «Жидебай-Берілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығын аралап, құнды жәдігерлермен танысты.

Аймақ басшысы музей төрінде Сыр елінің қонақтарына жаңадан бой көтеретін «Semei Smart City» шағын ауданының құрылыс жобасын таныстырды. Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан жаңа ауданда 75 мың тұрғынға арналған тұрғын үй кешендері, 40-тан астам әкімшілік, коммерциялық және әлеуметтік нысандар, саябақтар салынбақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен «Абайға құрмет» акциясы аясында еліміздің 11 өңірі Семей қаласында бір нысан салып беруге өз ұсыныстарын бергені белгілі. Атап айтсақ, Маңғыстау облысы Достық үйінің іргетасын қаласа, Шымкент қаласы шығармашылық орталығын, Түркістан облысы көрме орталығын, Астана қаласы Келешек мектебін, Ақтөбе облысы жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы үстел теннисі орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы рәміздер алаңын, Батыс Қазақстан облысы желілік саябақ салуды, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағажайын абаттандыруды жоспарлап отыр.

«Қазіргі таңда 1100 гектар аумаққа жаңа ықшам аудан салуды жоспарлап отырмыз. Соған орай Семей қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізіп жатырмыз. Жаңа ықшам ауданға Абайдың 180 жылдығына орай Президенттің тапсырмасына сәйкес барлық облыстар бір-бір ғимарат салу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде» деді облыс әкімі Б. Уәли.

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Президент бастамасын қолдайтынын жеткізді. «Барлық бастамаларыңызға сәттілік тілейміз. Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен үлкен жобаны қолға алғандарыңыз біздің өңірге де жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, біз де бұл игілікті іске өз үлесімізді қосамыз. Қызылорда қаласында «Анаға тағзым» орталығы бар. Сондай ғимараттың бірін жоспарлайтын боламыз» деді Қызылорда облысының әкімі Н. Мәшбекұлы.

Қадірлі қонақтар бұдан соң Семей қаласындағы автобус құрастыратын жетекші кәсіпорын «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС, жүк көліктерін, арнайы техниканы құрастырумен айналысатын «СМААЗ» ЖШС және кең ауқымды қаптама өнімдерін шығаратын «Казполиграф» ЖШС секілді өңірдегі ірі кәсіпорындарды аралады. Қызылорда облысы әкімдігі өкілдері өңірдегі кәсіпорындардың өнімдеріне қызығушылық танытып, алдағы уақытта бірлесе жұмыс істеуге ынтылас болды.

АЛАШ АСТАНАСЫНДАҒЫ АЛАШ АНАСЫНЫҢ МЕРЕКЕСІ

Қызылорда облысының өнер күндері аясында Семейдегі Абай атындағы драма театрында Сыр елінің өнер шеберлері Гала-концерт ұсынды. Гала-концерт алдында екі өңірдің басшылары құттықтау сөз сөйледі.

Облыс әкімі Берік Уәли Сыр өңірінен келген қонақтарға, 200-ден астам адамнан құралған арнайы делегацияны, өнерпаздарды бастап келген Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Мәшбекұлына алғысын жеткізді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Көкшетауда өткен Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында сөйлеген сөзінде «Ұлттық бірегейлігімізді нығайту жолында мәдениет саласы айрықша рөл атқарады» деп атап өткен болатын. Біз ән мен күйдің, сүйелер мен жырдың киелі мекенінен, Сыр бойынан арнайы ат басын тіреп келген әрбір қонақты Семей төрінде қуана қарсы аламыз. Абай мен Сыр өңірі қазақтың тарихында ежелден ізі қалған, күллі алаш баласы басын иіп тағзым ететін қасиетті жерлер. Қызылорда да, Семей де – қазақ елінің тарихи тағдырына ерекше із қалдырған қастерлі өлкелер. Екі өңір де белгілі кезеңдерде қазақ елінің астанасы болған. Семей мен Сыр елі – қазақтың елдігі мен мемлекеттілігінің алтын бесігіне айналған қос шаңырақ десек жарасымды болмақ. Сондықтан да, біз бұл достықты ежелгі тарихымыздан тамыр тартқан, бауырластықпен берік бекіген егіз өріс ретінде бағалаймыз. Осы екі аймақтың тілегін тоғыстырып, жүрегін толқытқан бүгінгі өнер кеші құтты болсын!» деді аймақ басшысы.

Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңір жұртшылығын Абайдың 180 жылдығымен құттықтап, мерейтойдың жоғары деңгейде атап өтілгенін айтты.

«Қорқыттың күй сарынынан бастап алған сырбойылық жыры-жыраулар, сахна дүлдүлдері, дарабоз ақындар бүгін өз өнерлерін паш етеді. Қызылорда облысының өнер күндерін Семей қаласында өткізуге қолдау білдірген әріптесім, облыс әкімі Берік Уәлиұлына зор ризашылығымды, шынайы алғысымды білдіремін! Тарихта Семей мен Қызылорда қалалары ұлтымыздың тағдыршешті мәселелері қаралып, маңызды шешімдер қабылданған саяси орталық ретінде қызмет атқарды. Бүгінде Президентіміздің қолдауымен дербес облыс болып құрылған Абай елінде серпінді жаңа жобалар жүзеге асып жатқанына біз өте қуаныштымыз. Бүгінгі шара екі өңірдің мәдениет, өнер саласы қызметкерлерінің бір-бірімен тәжірибе алмасуына, іскерлік байланыстарын арттыруға ықпал етеді» деді Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Қызылорда облысының өнер шеберлерінің гала-концерті аясында Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, симфония оркестрі, «Томирис» би ансамблі, «Сыр самалы» вокалдік аспапты ансамблі, аралас хор, сондай-ақ дәстүрлі, классикалық және эстрадалық ансамбльдер өнер көрсетті. Сырбойлық өнерпаздар көрермен назарына «Қорқыт-Қобыз», «Бүлдірген», «Сұрша қыз», «Батыр Баба», «Дала сыры» туындыларымен қатар «Махамбет» поэмасы, «Қазақ елі» әні, сондай-ақ халық әндері мен күйлерінен, әлемдік классикадан үзінділер ұсынды. Гала-концерт алдында жұртшылық «Сыр өңірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» атты көрмені тамашалады. Көрмеге Шірік-Рабат сақ жауынгерінің, Сығанақ ханшайымының, Түгіскен көсемінің, Жетіасар ақсүйек әйелінің археологиялық реконструкциялары, сондай-ақ этнографиялық жәдігерлер, Қорқыт аша және Марал ишан мұралары, тарихи фотоматериалдар мен сирек басылымдар қойылған.

Абай облысының әкімі Берік Уәли Ақсуат ауданына арнайы жұмыс сапарымен барды. Өңір басшысы ауданның шалғайдағы елдімекендерінде болып, жергілікті халықтың жағдайымен жақын танысып, толғандырған мәселесіне назар аударды.

АҚСУАТ АЖАРЛАНЫП КЕЛЕДІ

Жиында алдымен аудан әкімі Еркін Ескендіров 2024-2025 жылдардағы негізгі көрсеткіштерге тоқталып, атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Облыс әкімі Берік Уәли өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, шешімін күткен мәселелер және алдағы жоспарлар туралы баяндама жасады.

Биылғы жылдың 8 айында облыс экономикасы оң көрсеткіштерге қол жеткізді. Көлік саласында 122,5%, құрылыста 120,8%, ауыл шаруашылығында 102,9%, өңдеу өнеркәсібінде 101,2% өсім қамтамасыз етілді. Облыста инвестиция тарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Ақсуат ауданында жалпы құны 19,6 млрд теңгені құрайтын, 380 жаңа жұмыс орнын құруды көздейтін 14 инвестициялық жоба іске асырылуда. Оның ішінде 3 жоба Ұлттық цифрлық инвестициялық платформаға енгізілген. 400-ге жуық жұмыс орнын ашуды көздейтін 11 жоба аймақтық пұлға енгізілді. Жалпы облыс бойынша 2028 жылға дейін ауыл шаруашылығы саласында 79 инвестициялық жоба іске асырылмақ. Ақсуат ауданында ет кластерін дамыту, сүт фермаларын ашу, суармалы егіншілікті кеңейтуге бағытталған 8 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделген. Ақсуат ауданында ауыз сумен қамтуға ерекше көңіл бөлінуде.

Биыл Ақсуат, Көкжыра, Кіндікті, Қарғыба ауылдарында су құбырларын ауыстыруды бастауға қаржы бөлінді. Сонымен қатар, Ақсуат ауылында көріздік желілерді қайта құру аяқталуға жақын. Жыл соңына дейін аудан орталығының көшелері жарықтандырылады. Халықты баспанамен қамту мақсатында Ақсуат ауданында 96 пәтер пайдалануға берілмек. Биыл аудандағы 12 мектеп ағымдағы жөндеуден өтті. Үш мектепке жаңа пән кабинеттері алынды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Ақсуат пен Екіпін ауылдарындағы мектептердің құрылысы басталады. Аудандық ауруханаға заманауи медициналық техникалар сатып алу жоспарланған. Сонымен қатар, емханада күрделі жөндеу басталады. Мәдениет пен спорт саласына да көңіл бөлінуде. Ақсуат ауданының ауылдарында спорттық модульдер салу бойынша құжаттама әзірленуде. Жиын соңында облыс әкімі тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, қойылған сұрақтарға жауап берді.

«Ақсуат жері қазақылығы айрандай ұйған, тарих пен тағылым тоғысқан, талай дүлдүлді баулып өсірген, қасиетті өнер мен асқақ рухтың алтын ұясы. Осыған дейін ауданға бірнеше рет келіп, әлеуметтік нысандарды аралап, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен таныстым. Шекаралық өңірдің түйткілді мәселелерін жақсы білемін. Ауданда елі де атқаратын жұмыстар көп. Өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешілетін болады», – деді аймақ басшысы.

Кездесу соңында облыс әкімі Кіндікті ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің 60 жылдығына орай ұжымға заманауи LED экранның сертификатын табыс етті. Сонымен қатар, ауданның білім сапасын арттыруға ұлес қосып жүрген ұстаздарға Алғыс хаттар тапсырылды.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ҚАЖЕТ

Аудан тұрғындары облыс әкімінің жеке қабылдауында бірқатар өзекті мәселелерді көтерді. Аудан тұрғыны Айдын Байназаров Ақсуат ауылындағы психоневрологиялық науқасы бар азаматтарға арналған оңалту орталығына жаңа ғимарат қажеттігін айтты. Қазіргі уақытта орталық жеке кәсіпкердің жалға берілген ғимаратында жұмыс істейді. Аймақ басшысы аудан әкіміне аталған мәселені шешу жолдарын қарастыруды тапсырды. Ойшылқ ауылының тұрғыны, ақсақалдар алқасының төрағасы Мақсұтқан Болысов аудандағы жедел жәрдем көліктерін жаңарту қажеттігін жеткізді. Ауылдық емханада 2002-2016 жылдары шыққан тозығы жеткен көліктер пайдаланылып отырғанын атап өтті. Облыс әкімі тұрғындар көтерген мәселелерді назардан тыс қалмайтынын, кезең-кезеңімен шешілетінін атап өтіп, аудан әкімі мен жауапты басқармаларға тапсырма берді.

«Облыстағы жедел жәрдем көліктерінің 75 пайызы тозған. Көп жылдан бері жаңартылмаған. Бұл мәселені лизинг арқылы шешетін боламыз» деді аймақ басшысы.

Облыс әкімінің жеке қабылдауына дейін басқарма басшылары аудан тұрғындарын қабылдап, сауалдарына жауап берді.

ЕКІ АУЫЛДЫҢ СЕІМІ НЫҒАЙДЫ

Аудандағы Сәтбаев ауылдық округіне қарасты Көктүбек ауылы Ақсуаттан 12 шақырым жерде орналасқан. Елді мекендегі медициналық пункт 2024 жылы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып, биыл пайдалануға берілді.

Мұнда ересектер мен балаларға дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Қабылдауды фельдшер жүргізеді. Пункттің амбулаториялық-емхана-лық қуаттылығы – тәулігіне 25 адам. Ғимарат заманауи стандарттарға сай жабдықталған. Пациенттерді қабылдау кабинеті, процедура бөлмесі, дезинфекциялық құралдарды сақтау бөлмесі және күту залы бар. Аймақ басшысы медициналық нысанды аралап шыққан соң ауыл тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Кездесу барысында тұрғындар интернет байланысының ескі әрі талапқа сай келмейтінін жеткізіп, жаңа спорт зал салып беруге көмек көрсетуді сұрады. Облыс әкімі тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелердің ескерізу қалмайтынын айттып, тиісті басқармаларға ұсыныс енгізуді тапсырды.

«Барлық жұмыстарды заманауи талапқа сай атқарып, Көктүбектегі медициналық пунктті ауыл халқына табыс етіп тұрмыз. Аққала мен Қожагелді ауылдарында жаңа медициналық пункттер тұрғындардың пайдалануына беріледі. Ауылда жол мәселесі шешімін тапқан. Ал интернетке қатысты түйткіл келесі жылы толық шешіледі», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі Сәтбаев ауылына да арнайы барып, елді мекендегі клубтың жағдайын көрді. 1970 жылы салынған мәдениет ошағында 4 адам жұмыс істейді. Клуб 2014 жылы ағымдағы жөндеуден өткен. Аймақ басшысы осы жерде ауыл ақсақалдарымен, тұрғындармен кездесті. Кездесу барысында елді мекенге жаңа мәдениет үйінің қажеттігі айтылды.

«Ауылымызға арнайы келгеніңіз үшін алғыс айтамыз.

Газет -ел мұңына, ел жай-күйіне араласып көрсететін айна десек, мақсатсыз айна емес. Мақсатты айна.

Қошқе КЕМЕҢГЕРҰЛЫ



АЙМАҚ



Мемлекет халық алдындағы өз міндетін орындап жатыр. Ауылымызда мектеп бар. Медициналық пункт жұмыс істеп тұр. Жол салынды. Интернет тартылды. Енді осындағы ауылдық клуб жаңартылса деген өтінішіміз бар», – деді Сәтбаев ауылының тұрғыны Бағлан Қабышев.

Облыс әкімі бұл мәселені ауданға, ауылға жанашыр азаматтардың, яғни демеушілердің көмегімен шешуге болатынын да айтып, аудан әкімі Еркін Ескендіровке осы бағытта жұмыс істеуді тапсырды.

ӨНІМГЕ БАЙ - «АЛТЫН-АЛТАЙ»

Сәтбаев ауылындағы шаруа қожалығының негізгі бағыты – суармалы егіншілік пен мал шаруашылығы. Жалпы ауыл шаруашылығына арналған жер көлемі 1500 гектарды құрайды. Қазіргі уақытта шаруашылықта 130 бас мал бар. Оңға жуық адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Шаруашылықта 1000 гектар жерге тамшылатып суару жүйесін енгізу жобасы жүзеге асырылуда. Биыл оның алғашқы кезеңінде 300 гектар алқапқа құнбағсы егілді. Жоба толық іске қосылғанда 500 гектарға майлы дақылдар, 150 гектарға картоп, 150 гектарға көкөніс және 200 гектарға жүгері егіліп, жалпы өнім көлемі 10 мың тоннадан асады деп жоспарланып отыр. Шаруа қожалығының жетекшісі Тұнай Қуанған жобаны толық деңгейде жүзеге асыруға электр желісінің жеткіліксіздігі кедергі болып тұрғанын жеткізді. «Электр желісін тарту құрылысы» атты инвестициялық жобаны әзірлеп, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына өтінім жолданғанын айтты.

Құнбағсы бағытынан аралап, шаруашылықтың жұмысымен танысқан облыс әкімі Берік Уәли Ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік басқармасына «Семей» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп заң аясында тиісті көмек көрсетуді тапсырды.

«Жобаның маңызы өте зор. Тамшылатып суару жүйесін енгізу арқылы егіс алқаптарының өнімділігі артып, шаруашылықтың әлеуеті күшейеді. Жұмыстарыңыз табысты, берекелі болсын. Өз тарапымыздан мемлекеттің қолдауын көрсетеміз. Аудан әкімі бақылап, құжат жағынан көмектесіңіз» деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі келесі сапарын Ақсуат ауданының шалғайдағы ауылдарының бірі Қызылқесікте жалғастырды. Қызылқесік - аудан орталығынан 50 шақырым жерде орналасқан ауыл.

Аймақ басшысы ауылдағы «Еркеназ» балабақшасының тыныс-тіршілігімен танысты. Балабақшада 3 топта 75 бала тәрбиеленуде. Мектемеде 26 қызметкер еңбек етеді. Балалар үш жас ерекшелігіне қарай бөлінген. Қазіргі уақытта балабақшаға 15 бала кезекте тұр. Осыған байланысты ғимараттың пайдаланылмай тұрған бөлігі аудандық бюджеттен бөлінген қаражатқа жөндеуден өткізіліп, кеңейтіліп жатыр. Сондай-ақ баланы дамыту орталығын ашу жоспарланып отыр. Онда спорт зал, робототехника, құмтерапия кабинеттері жұмыс істейтін болады. Аймақ басшысы балабақшаны аралап, жүргізіліп жатқан құрылысты көріп, мердігерлерге жұмысты мерзімінде әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

ӨРКЕНІ ӨСКЕН ӨКПЕТІ

Үштөбе аудан орталығы Ақсуат ауылынан 160 шақырым жерде орналасқан. Облыс әкімі Берік Уәли елді мекендегі «Өкпеті» орта мектебінде болды.

1934 жылы іргетасы қаланған мектептің жаңа ғимараты 2008 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда мұнда 37 ұстаз еңбек етеді, 156 оқушы білім алуда. Аймақ басшысы мектепте ауыл тұрғындарымен кездесіп, өзекті мәселелерін тыңдады. Елді мекен тұрғындары «Қызылқесік – Үштөбе» бағытындағы жолға асфальт төсеу, интернет орнату мәселелерін көтерді.

«Бүгін Ақсуат ауданының бірнеше ауылдарын аралап, халықтың жағдайымен таныстым. Ауылдарға ортақ интернет, жол сияқты мәселелер Үштөбеге де тән. Үштөбе – талай ақын, жазушы, танымал тұлғалар шыққан, ауданның түпкірінен орналасқан, қазақы қаймағы бұзылмаған елді мекендердің бірі. Биыл ауылға сапалы интернет орнатылады. Ал жол мәселесін біртіндеп шешеміз. Аудандағы өзекті мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табады» деді облыс әкімі.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



МӘДЕНИЕТ

ТЕАТР АКТЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Берік Уәли жақында халықаралық фестиваль-де қос бірдей қомақты жүлдеге қол жеткізген театр актерлерімен кездесті. Семейдегі Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрының құрамындағы «Дариға-ай» жастар театры Ұлытау елінде, Жезқазған сахнасында Жанат Хаджиев атындағы IV халықаралық театр фестивалінде өнер көрсетіп, Оралхан Бөкейдің «Өз отынды өшірме» спектаклімен бас жүлде және «Үздік спектакль» номинациясына ие болғаны белгілі.



Ал, Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы Жетісу жерінде, Талдықорған төрінде өткен Қазақ КСР-нің халық әртісі Б. Римова атындағы «БИКЕН FEST» III халықаралық театр фестивалінде «Абай айтқан «Еңлік-Кебек» спектаклімен бас жүлдені жеңіп алды. Аймақ басшысы кездесуде өнер ұжымдарын жетістіктерімен құттықтап, Алғыс хат табыс етіп, алдағы еңбектеріне сәттілік тіледі.

«Осы аптада Абай облысының мәдениетінің абыройын асырып, екі театрымыз бірдей бас жүлдені жеңіп алды. Облысымыздың тарихында болған емес. Өңіріміздің мерейін көтерген Сіздерге облыс жұртшылығының атынан ерекше алғыс білдіремін. Бұл жеңіс – театр ұжымының кәсіби шеберлігі мен тынымсыз еңбегінің, өнерге деген адалдығының айқын дәлелі. Президентіміз Бұрабайда өткен Ұлттық құ-

рылтайдың кезекті отырысында «Семейде бір ғимаратта үш бірдей театр сығылысып отыр. Әсіресе, аймақтарда театрларды салуға және дамытуға баса назар аудару керек» екенін атап өткені баршамызға белгілі. Осы орайда Сіздер бір шаңырақ астында үш бірдей ұжым қысылып отырғанына қарамастан өз шеберліктеріңізді дәлелдеп, ерен еңбектің үлгісін көрсеттіңіздер. Алдағы еңбектеріңізге жаңа белестер мен шығармашылық табыс тілеймін!» деді облыс әкімі.

Абай атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы аймақ басшысына өнер ордасына, актерлерге көрсетіп жатқан қолдауы үшін алғыстарын жеткізді. Айта кетейік, қазіргі уақытта облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа театр ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізіліп жатыр.

Әз тілшіміз

Облыс әкімі Берік Уәли жұмыс сапарымен өңірге келген ҚР Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлымен кездесті. Кездесу барысында облыстағы музей ісінің дамуы мен мәдени мұраны сақтау мәселелері талқыланды.

ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙ ДИРЕКТОРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлттық музей директоры жергілікті музейлердің жағдайымен танысып, ондағы құнды жәдігерлердің сақталуы мен қор жұмысына назар аударды. Берік Әбдіғалиұлы өңірлік музейлерге ғылыми-методикалық тұрғыда қолдау көрсету жайын айтты.

Сонымен қатар, алдағы уақытта арнайы жобаларды жүзеге асыру, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, музей ісіндегі заманауи тәжірибелерді енгізу сөз болды. Облыс әкімі мәдениет саласындағы ынтымақтастықты нығайту аймақ үшін аса маңызды екенін атап өтіп, бұл бағыттағы бірлескен жобаларды қолдайтынын жеткізді.

«St-ақпарат»



ЖАСТАР САЯСАТЫ

200 ГРАНТ БӨЛІНДІ

Облыс әкімі Берік Уәли Семейдегі «Ес-Аймақ» рухани орталығында жергілікті бюджет есебінен бөлінген білім беру грантының иегерлерімен кездесті. Кездесуге өңірдегі жоғары оқу орындарының ректорлары, колледж, мектеп директорлары, басқарма басшылары, студенттер қатысты.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ «Semei tanu»

Биыл Абай облысы әкімдігі жоғары оқу орнында білім алуға ең қажетті, суранысқа ие 32 мамандық бойынша 200 грант қарастырды. Педагогика, экономика, техника, құрылыс, медицина, ауыл шаруашылығы және IT саласы мамандарын даярлауға бағытталды. Білім гранттарын бөлу бағдарламасы алғаш рет 2023 жылы қолға алынған болатын. Биыл тұңғыш рет «Журналистика» және «Стоматология» мамандықтарына да грант қарастырылып, жаңа кадрларды даярлауға жол ашылды. Ерекше атап өтерілі, республика бойынша біздің облысы 200 грантпен алдыңғы алтыншы орынға шықты. Аймақ басшысы грант иегерлерін құттықтап, жастардың алған білімін туған елдің дамуына арнауы қажеттігін атап өтті.

«Президентіміз «Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскекең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет», – деп атап өткен болатын. Өздеріңізге мәлім, аудандар мен шалғай елдімекендерге жиі іссапармен барып тұрамын. Сол өңірлерді аралаған кезде ең өзекті мәселе кадр тапшылығына куә болып жүрмін. Құжат тапсырған мектеп түлектерінің жалпы саны 500-ден асты. Алайда біз оқу үлгерімі жақсы, балдары жоғары, пәндік олимпиадалар мен спорт жарыстарының жүлдегерлері болған, сонымен қатар аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың, ауыл мектептерінің түлектеріне басымдық бере отырып, қажет мамандықтарға грант бөлдiк. Ал

бірқатар облыстарда мұндай грант қарастырылмаған. Бұл дегеніміз – жаңа құрылған өңір үшін үлкен жетістік әрі жастарға жасалған зор қамқорлық. Биыл өкім гранттарының әділ бөлінуін өзім тікелей қадағаладым. Себебі Әділетті қоғам құрып, адал азамат тәрбиелеу ең қадірлі де қасиетті сала білім мен ғылымнан бастау алуы керек деп есептеймін. Абай облысының болашағы – сіздердің қолдарыңызда. Бүгінгі жеңіс – үлкен жолдың бастауы. Алдағы уақытта елге адал қызмет етіп, өңіріміздің дамуына үлес қосасыздар деп сенемін», – деді облыс әкімі.

Кездесуде облыс әкімінің грантына ие болған студенттер көрсетілген қолдау үшін өз ризашылықтарын жеткізді.

«Жастарға көрсетіліп отырған қолдау – біздің білімімізді төрелдетіп, алға қойған мақсатарымызға жетуімізге үлкен серпін береді. Алдағы уақытта алған білімімізді ел игілігіне жұмсап, сенімді ақтауға бар күшімізді саламыз», – деді Семей медицина университетінің стоматология мамандығының студенті Жібек Теміржанова.

Кездесуде сондай-ақ Абай облысы педагогикалық еңбек ардагерлері кеңесінің төрағасы Мәдениет Ахметова, Alikhan Bokeikhan University тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Айрат Базенов сөз алып, өкім гранты жастарға зор мүмкіндік беріп отырғанын атап өтті. Қазіргі таңда өңірдегі үш ірі жоғары оқу орнында – Шәкәрім университеті, Alikhan Bokeikhan University және Семей медицина университетінде 20 миңға жуық студент оқып жатыр.

БАРЫС-КЕЛІС

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСТЫ

Түркістан қаласында «Орталық Азия – Корея» жергілікті өзін-өзі басқару органдарының екінші ынтымақтастық форумы өтті. Бұл маңызды шараға Корея Республикасы, Қырғызстан, Қарақалпақстан, сондай-ақ еліміздің Жамбыл, Ақтөбе, Абай облыстары мен Шымкент қаласынан делегациялар қатысты.



Форум барысында Орталық Азия елдері мен Корея Республикасы арасындағы жергілікті басқару, өңіраралық әріптестік, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Шара аясында «Түркістан – Жібек жолы бойындағы халықаралық ынтымақтастықтың орталығы», «Тұрақты халықаралық ынтымақтастықтың негізі ретіндегі жергілікті дипломатия», «Өңірлердің инвестициялық және экономикалық әлеуеті», «Аграрлық ынтымақтастық», «Туризм», «Білім беру және кадрлық алмасу, жаңа буын басшыларын дайындау» тақырыптарында сессиялар өтті. Форумда облыс әкімінің бірінші орынбасары Ербол Садыр өңіріміздің инвестициялық мүмкіндіктерін таныстырды.

Сонымен қатар, Абай, Түркістан облыстарының және Корея Республикасының бизнес өкілдері арасында екіжақты келіссөздер ұйымдастырылды. Бұл кездесу агроөнеркәсіп саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға, әріптестікті нығайтуға және инвестициялық жобаларды ілгерілетуге бағытталды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЛА КҮНІ

«ТУҒАН ҚАЛАМ – СЕМЕЙІМ»

Қыркүйектің 21-і қала күніне арналған «Туған қалам – Семейім» атты концерт өтті. Ашық аспан астында өткен салтанатты концертке мыңдаған қала тұрғындары мен қонақтары жиналып, қуанышты сәттердің куәсі болды.



Кеш жүргізушілері – Дәулет Бижанов пен Қырмызы Жандос көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекенің шырайын кіргізді. Сахна төрінде еліміздің эстрада жұлдыздары – Ғазизхан Шекербеков, Melomen тобы, KeshYOU тобы, Ермек Мединов, Даго және Нұрмұхаммед Жақып өнер көрсетіп, әсем әндерімен 40 мыңға жуық көрерменге шаттық сыйлады. Музыка, би, өнердің әсем үйлесімі қала күні мерекесінің сәнін келтірді. Өкшілдердің әрбір орындауы көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп, алаңда ерекше бірліктің рухы сезілді. Концертпен қатар қала тұрғындары үшін спорттық жарыстар, әлеуметтік бастамалар мен кәсіпкерлік көрмелер ұйымдастырылып, Семейдің дамуы мен бірігіп паш етті.

Бұл кеш – Семейдің рухы, тарихы мен болашағына деген зор құрметтің жарқын айғағы болды.

ДӘМ МЕН ДӘСТҮР

Семейде ауылшаруашылық жәрмеңкесі өтті «Қала күні» мерекесін атап өту шеңберінде 20 қыркүйекте ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің қатысуымен жәрмеңке өтті.

Жәрмеңкеде тұтынушыларға нарық бағасынан 10–15 пайызға төмендетілген бағамен ет, сүт және сүт өнімдері, шұжық, қымыз, балық, бал, қауын, қарбыз және көкөніс ұсынылды. Іс-шара барысында «Қымыз Fest», «Қауын Fest», «Баурсақ Pati» сайыстары ұйымдастырылып, қатысушы субъектілер өз өнімдерін ұсынып, саудалады.

КОММУНАЛДЫҚ САЛА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ
Қала күні мерекесіне орай коммуналдық са-

лада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, қаламыздың дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатына зор үлес қосқан 50-ге жуық азамат қала әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Марапат иелерінің қатарында жылу беру, сумен қамтамасыз ету, қала тазалығы мен көркейтуді ісінде тынымсыз еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі мамандар мен сала ардагерлері бар. Олар күнделікті адал қызметті арқылы шаһардың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп, халықтың жайлы өмір сүруіне үлес қосып келеді. Бұл марапат – қаланың өркендеуіне, тұрғындардың игілігіне жұмсалған қажырлы еңбектің әділ бағасы. Қаланың тыныс-тіршілігіне жанашыр болып, ел үшін аянбай тер төккен азаматтардың еңбегі әрдайым ел есінде.

«СЕМЕЙ – ДОСТЫҚ МЕКЕНІ»

Қала күні мерекесіне орай Семейде түрлі этнос өкілдерінің қатысуымен «Семей – достық мекені» атты өнер фестивалі ұйымдастырылды. Шараға қаламыздағы этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысып, өздерінің ұлттық әуендері мен билерін орындады.

Фестиваль сахнасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Маңруза Утуленова, Мәдениет саласының үздігі, «Парасат» орденінің иегері Гүлдана Ноғайбаева және халықтық ансамбльдер өнер көрсетті. Олар көрермендерге ұлттық әуендерден бастап заманауи композицияларға дейін әсем бағдарламасын ұсынды. Бұл мереке қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше рухани сыйлық болып, достық пен бірліктің, мәдениеттер арасындағы татулықтың жарқын көрінісіне айналды.

Семей қаласы әкімінің баспасөз қызметі

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Атап айтқанда, 130 тонна сиыр, жылқы және қой еті, 4 тонна құс еті, 80 тонна көкөніс өнімдері (карпоз, сәбіз), 1 тонна өсімдік майы, 7 тонна сүт өнімдері, 70 тонна бал, 4 тонна ұлттық тағамдар, 2 тонна қымыз, 2 тонна шұжық өнімдері және 50 тонна бақша өнімдері сатылатын болады. Абай облысының өнімдері сапасымен, экологиялық тазалығымен және қолжетімді бағасымен ерекшеленеді. Елорда тұрғындары мен қонақтары дәстүрлі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде жоғары сапалы әрі дәмді өнімдерді қолайлы бағамен сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

Сонымен қатар келушілер назарына Абай елі өнерпаздары «Абай елі – өнер кеніші» атты концерттік бағдарламасымен, «Дала сазы» этно-фолклорлық ансамблі, «Тұмар» би ансамблі, «Дала үні» акапеласы, «Самғау» тобы және филармония мен эстрада-симфониялық оркестрі өнер көрсетіп астаналықтарды тәнті етті.

«ST» - ақпарат

ДЕНСАУЛЫҚ

АБАЙ ОБЛЫСЫ ІІ ОРЫНДЫ ИЕЛЕНДІ

17-19 қыркүйек күндері Ақтау қаласында Жедел медициналық көмек бригадасының республикалық чемпионаты өтті. Шара Қазақстанның Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Жедел медициналық көмек Ұлттық координациялық орталығының қолдауымен ұйымдастырылды.



Чемпионатқа Қазақстанның 20 өңірінен және Ресей, Беларусь,

Әзірбайжан елдерінің командалары қатысты. Абай облысының облыстық же-

дел медициналық көмек станциясынан Аяғөз қаласы мен Әуезов подстан-

циясының фельдшерлері чемпионатта өнер көрсетті. Өңір бригадасы Абай облысы әкімдігі мен облыстық Денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен Рауан Тұрпыбеков, Нұрбол Тұрсынов, Елдос Социал сияқты басшылар және бас дәрігерлердің жетекшілігімен сына түсті. Бағалау бағдарламасына халықаралық стандарттарға сәйкес практикалық дағдыларды орындау станциялары енгізілді. Чемпионат қорытындысы бойынша Абай облысының жедел медициналық көмек бригадасы ІІ орынға ие болды. Бұл команданың спартакиада жарыстарында үнемі жүлделі орындарды иеленіп жүргенін ел жақсы біледі. Абай облысы командасының жеңісіне бригаданың үйлесімді жұмысы, жеделдігі және мамандардың жоғары біліктілігі басты рөл атқарды.

Бұл жетістік – Абай облысының облыстық жедел медициналық көмек станциясының барлық мамандарының бірлескен еңбегінің нәтижесі.

«ST» - ақпарат

